


Бекітемін:

«Алтын Самұрық» бөбекжай балабақшасы

меңгерушісі

Э.С.Мырсейтова



**ЖАҢА ЖЫЛ
ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

ЖАҢА ЖЫЛДА АЛҒА ҚОЙҒАН МАҚСАТТАРЫҢЫЗ
ОРЫНДАЛЫП,
БІРЫСТАРЫҢЫЗ КӨП БОЛСЫН!



Ертеңгілік: «Қош келдің- Жаңа жыл»

Тобы: Қызғалдақ

Тәрбиеші: Аманкелді К

2024-2025

«Қош келдің- Жаңа жыл»

Тәрбиеші:- Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Келді тағы Жаңа жыл,
Қуантамен біздерді,
Құтты болсын мереке.
Құттықтаймыз сіздерді.

Тәрбиеші:- Балалар, қарандаршы, біздің бөлmemіз әдемі безендірілген, біз бүгін Жаңа- жыл мерекесін тойлаймыз. Бізге көптеген қонақтар келіпті, шыршаға әдемі ойыншықтар, тәтті кәмпиттер ілінген. Осы әсем шыршамызға әдемі әнімізді тарту етеміз.

Ән: «Шыршаға бардық» Құрбанбек Айша.

Арғы жақтан есік қазылады.

Тәрбиеші: - Балалар, жарайсындар. Айтыңдаршы жылда Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді?
(Балалардың жауабы)

Тәрбиеші: Кәнекей, ендеше бәріміз бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар Ау - у - у - у! 3 - рет
Аяз ата мен Ақшақар кіріп келеді.

Аяз- Ата: Амансындар ма, балалар?

Сәлеметсіңдер ме, қонақтар?

Балаларым, балғыным

Өмір гүлім шалғыным.

Тілегенім жыл бойы,

Сендердің денсаулықтарың!

Ақшақар:- Балалар, мені таныдыңдар ма? Мен Аяз атаның немересі Ақшақармын!

Аяз-ата- Ой, балалар шыршаларың қандай әдемі, керемет!

Ақшақар: Қандай керемет менің ұлпадай әппақ сіңілілерім келіп қалыпты, сендермен би билегім келіп тұр. Келіндер ортаға билейік.

Тәрбиеші: Аяз ата сіз ұзақ жолдан шаршаған боларсыз, отырып демалыңыз. Ал, ақшақар біздің аппақ қыздарымызбен би билеп көңіл көтерсін.

Би: «Шырша биі» /қыздар биден соң қарларды жерге шашып тастайды/
Ақшақар: -Жарайсындар балалар, бір сергіп қалдық. Ой, қандай керемет шырша!!! Қаншама жалтыраған ойыншықтары көп. Бірақ шамдары жанбай тұрғой.? Келіндер балақайлар бірге шамдарын жағайық.

Ойын: «Шыршаның шамдарын жағу»

Ойынның шарты: Ақшақар балалармен қол соққанда шырша шамы жанады. Ал, үрлеген кезде шырша шамы сөнеді. Ойынды үш рет қайталау. /Ойынның шартын ақшақар түсіндіреді және ойнатады/

Тәрбиеші: Балалар біз қандай жылмен қоштасып жатырмыз.

Балалар: Ұлу, Ұлу.

Тәрбиеші: Балар Ұлуды шақырайықшы.

Ұлу

Сәлеметсіздер ме, балалар

Мен тұрмын қуанып,

Шаттыққа бөленіп

Бір жыл бойы сіздермен

Дос болайық шаттанып.

Тәрбиеші: Ұлуға рахметімізді айтып енді Жаңа жылды шақырайық. Алыстан бізге келе жатқан қандай жыл екен?

Балалар: Жылан жылы.

Жылан

Мен жаңа жылмын

Мен жаңа нұрмын

Нұрымды да себейін

Жырымды да себейін.

Тәрбиеші: Қане балалар енді әдемі, әсем шыршамызға әнімізді арнайық.

Ән хор: «Кішкентай шыршамыз»

Тәрбиеші: Балалардың тақпақтарына кезек берейік.

Тақпақтар:

Мансүр

Жаңа жыл Жаңа жыл
Жаңа жылға жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр

Ж.Айша

Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам он болсын
Төрле Төрле Жаңа жыл
Бізге Құтты жыл болсын

Б.Алихан

Оралдың өлкеме,
Жаңа жыл армысың.
Оранды ақ көрпеге,
Асқар тау, қарлы шың.

Қ.Айша

Ақ қырауға малынған
Сақалы да мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

Шейхислам

Безендіріп шыршаны
Жыл қуантты баршаны.
Той-маскарад басталды,
Аяз оны басқарды.

Мубина

Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

Раяна

Жылдың әнін бастайын,
Аяз- Ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

Медина

Бақша іші мереке,
Ойын күлкі асқақ ән.
Жақсы әпкелер жаңа кеп,
Мерекені бастаған.

Хадиша

Жаңа жылды қарсы алдың,
Мініп алып күймеге.
Мен де бүгін ән салдым,
Араластым биге де.

Нүрәлі

Тамаша.тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

Осы кезде Аяз ата ұйықтап шыршаның қасында отырады.

Ақшақар:- Балалар қарандар Аяз ата ұйықтап қалды. Ол алыстан келемін деп әбден шаршаған ғой. Ой, балалар тыныш, тыныш. Қасына барайық, келіндер жақындайық. Қанекей балалар Аяз атаны оятайық.

Ойын: «Аяз атаны ояту»

Ойынның шарты: Қане балалар қолымызды қатты соғып, аяғымызды топылдатайықшы аяз ата ұйықтап қалыпты. Алақанымызбен қаттырақ соғайық. /Ойын 3 рет қайталанады/

Аяз ата:-*(оянып кетеді)*

Тәрбиеші:- Келіндер балақайлар! Аяз атаны ортаға алып би билейік.

Би: «Аяз аталар биі»

Аяз- ата: Тамаша, керемет. Жарайсындар балалар бүгін сондай қуанышты мереке болды.

Ақшақар: Аяз-ата сіз ештеңе ұмытып кеткен жоқсыз ба?

Аяз-ата- Жоқ мен ештеңе ұмытқаным жоқ. /ойланып/ Балалар ән айтты, балалар мен бірге шыршаның шамын жақтым, тақпақтарын тыңдадым, ойын-ойнадық. Жоқ ештеңе ұмытқаным жоқ.

Ақшақар- Балалар айтыңдаршы Аяз-ата сендерге не беруі керек?

Балалар- Сыйлықтар!!!

Аяз ата:- Ой, ой, ой кәрі басым-ай, балаларға сыйлықтарын беруді ұмытып кетіппін ғой. Қане қызым Ақшақар алып кел сыйлықты.

Аяз ата: міне енді дұрыс болды. Біздің балалар өте зерек, қонақжай. Олай болса, қане Ақшақар қызым, енді шыршаның түбіндегі сыйлықты алып келе

қойшы. *Ақшақар шыршаның түбінде жатқан үлкен сыйлықты алып келеді.*

Ақшақар:- Қарандаршы балалар, Аяз ата сендерге қандай керемет сыйлықтар алып келген. Жаңа жыл деген таңғажайыпқа толы мереке ғой! Барлық адамдар бұл мерекені жақсы көреді. *қапшықтың ішін ашады, сыйлықтар шығады.*

Аяз ата- Ал,кәне,балалар,
Сендерге сыйлығым бар,
Аталарыңның сыйлығын
Қуанып қабыл алындар!

Тәрбиеші:- Біз өнерлі баламыз,
Ертең-ақ өсіп толамыз.

Атамыздың сыйлығын,
Рахмет айтып аламыз.

Бәрі бірге: РАХМЕТ!

Аяз ата- Ал, балаларым тағыда Жаңа жыл құтты болсын.Енді біздіңде қайтатын уақытымызда болып қалды.Себебі, өздерің секілді балалар өнерлерін дайындап, сыйлықтарын алуға асығып отырған болар. Келесі жылы кездескенше қош сау болындар!

Балалар- сау болыңыздар!

Тәрбиеші:- Би-биледік,жыр-жырладық,

Қызығына тоймадық.

Достарменен ойнадық,

Жаңа жылды думандатып тойладық! Ал, құрметті қонақтар осымен мерекелік ертеңгілігімізді «Шыршаға бардық»- әнімізбен аяқтаймыз. Келесі мерекеде кездескенше қош-сау болыңыздар!

Би: «Мадагаскар»



